



ЖШС «Балтай Аға» Б\Б

Менгеруші: А. Медетова.

1-Қыркүйек «Білім күні» Мерекелік іс шара

Тәрбиешілер: А.Дауренова.
Э.Усенбаева.

2022-2023ж

« Айбарлы асқар елді асқақтатар Ата Заң» (30 Тамыз – Конституция) күніне арналған мерекелік сценарий.

1- Қыркүек -- «Білім күні» арналған сценарий

Жүргізуші : Ата Заңым – ардағым

Аялаған адамзаттың арманын
Жол бастайды болашаққа жасампаз
Әрбір бабаң ,тарауларың , тармағың
Тамырын жайған тереңге,
Төзімін ұқсап еменге,
Тамсанып тұрсын өзге жұрт,

Қазақтың елі дегенге!

Құрметті қонақтар, тәрбиешілер және бүлдіршіндер!.Бүгін 30 тамыз – Конституция күні .

Қазақстан Республикасы егеменді мемлекет . Еліміз тіуелсіздікті 1991 жылы алды.
Қазақстан мемлекеті егеменді алған соң 30 тамызда 1995 жылы өз Ата заңымыз қабылданды. 30 тамыз –мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Бүгінгі іс – шарамыз жаңа оқу жылымен тұспа тұс келіп отыр. Осыған орай бүгінгі іс шарамыз Ел тәуелсіздігін кепілі Қазақстан Республикасының Конституция қоғамның негізгі міндеттеріне сай келетіндігін бүкіл әлем жұртшылығы танып отыр.

Қазақстан Республикасының Ата заңымызбен елдігіміздің белгісі **көк байрағымыз көкте желбіреп тұр. Әнұранымыз шырқалып жүр.**

Айтар әнім ,сөйлер сөзім

Туған жерім сағынарым

Мәңгі- бақи шырқалады

Республика әнұраны.

Ән : « Менің Қазақстаным»

Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздеріміз бар.

Мемлекеттің барлық азаматтары –үлкендерде ,балаларда –мемлекеттік мемлекеттік рәміздерді білуі және түсінуі тиіс,

Өз елінің туын , Елтаңбасын және Әнұранын Құрметтеу ол өз отанды құрметтеу және сыйлау.

Балалардың тақпақтары:

Азамат: Ерлігі бар ,даңқы бар,
Бірлігі бар халқым бар.
Отан үшін аянбай,
Ұрпағың мәңгі талпынар.

Аякөз: Алтын дәнді даласы бар ,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем.

Ернұр: Шат күлеміз жайраңдап,
Біз ойнаймыз асыр сап.
Туған елде сайраңдап
Еркін өсер жас ұрпақ.

Аділхан:Көк аспандай көкпеңбек
Қазақстан жалауы ,
Көк емес ол тектен тек
Елдің ашық қабағы.

3. Би : « Көңілді күн». Аякөз , Айлин. Жанайым, Бағымай,

Перизат:Балабақша есігін,
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай мәпелеп,
Өсірді бізді бақшамыз.
Бұл екінші үйіміз,
Бір туғанбыз біріміз.
Біз осы үйдің сәніміз,
Біз осы үйдің гүліміз.

Ж.Алинұр:Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз,

Құтты болсын тойымыз.

Жания: Отанның біз ұл-қызы,

Халықтың біз жұлдызы.

Оқимыз ақын жырларын,

Оқимыз еңбек сырларын.

Мейіржан:Қыркүйектің бірінде,

Кеудем толы дірілге.

Құлақ түрем елеңдеп,

«Бақша» бір күнге.

4. Ән: «Балабақшам арайлым»

Рамазан:Кел-кел досым бақшаға,

Естимісің үнімді.

Сауат ашып тіл дамытып,

Үйренейік білімді.

С.Айзере:Риза етіп баршаны,

Әсем әнге саламыз.

Таудан биік талабы,

Біз бақытты баламыз.

Қ.Айзере:Балабақша базарлы үй,

Ауылдағы ажарлы үй.

Күлкісі бар шуақты,

Өз үйіміз сияқты,

Үйретеді мектепке.

Мейірман:Қиындықтан өтуге,

Армандарға жетуге.

Білім алам ерінбей,

Еліме қызмет етуге.

5. Би: «Гүлдер биі»

Дениз	Айханым	Сара
Медина	Айсауле	Айзере
Айым		Нұрай

Фариза:Егемен елдің төсінде,
Шуағын шашқан арай күн.
Үлкен болып өсеміз,
Қызыға әлем қарайтын.

Ермұхамед:Білім алған өзіңнен,
Дәрігер,ұшқыш не ғалым.
Саған ыстық сезіммен,
Қарады жұрт мұғалім.

Зейнеп: Тақпағымды жаттаймын,
Сабағымды бастаймын.
Біздікіндей бақшаны,
Ешбір жерден таппаймын.

Құндызай:Күн көзімен таласқан,
Ай мен күнге жол ашқан.
Қазақ қызы мен болам,
Білімменен санасқан.

6.Би: «Вальс»

Амина: Жымыңдап күз келді,
Күліңіз сіз енді.
Бірінші қыркүйек,
Қарсы алшы біздерді.

Ұлданай: Сырлары көп ғылымның,
Шешілмеген әлі де.
Тереңдігі білімнің,

Керек екен бәріне.

Самира: Жаңа киім үстімде,
Мақтанғым да келеді.
Білім тойы үстінде,
Шаттанғым да келеді.

Әбілқайыр:Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

7. «Испан биі» Асылым,Раяна,Қ.Айзере,Фариза,С.Айзере,Самира.

Б.Айзере: Ал бірінші қркүйек,
Күнсіңғой сен ең тәуір.
Өйткені ол мереке,
Бірінші күн ерекше.

Бектас: Отан ыстық ұямыз,
Жүректе орын тұрады.
Отан маған пәк ана,
Мен отанның ұлымын.

Кәусар: Шырылдаған тыным алмай,
Қоңыраудың үні қандай.
Мақсатына жетеме адам,
Оқу оқып білім алмай.

Айсана: Таң қалдырып әлемді,
Айтайын мен өлеңді.
Қабыл алғын жамағат,
Қызың берген сәлемді.

Асылым: Бұл екінші үйіміз,
Бір туғанбыз бәріміз.
Біз осы үйдің сәніміз,
Біз осы үйдің гүліміз.

Ә.Алинұр: Қиындықтан өтуге,

Армандарға жетуге.

Білім алам ерінбей,

Еліме қызмет етуге.

Раяна: Кел балалар оқылық,

Оқығанды көңілге.

Ықыласпен тоқылық,

Оқысаңыз балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегеннің алдынан,

Іздемей ақ табылар.

Нұрахмет: Қуат алған өзіңнен,

Туған елдің ұлымын.

Бақытты етіп өсірген,

Отанымның ұлымын.

Ән: «Балабақша»

Жүргізуші: Қандай ғажап қарашы жан-жағыңа,

Күміс күлкі сыймай тұр жанарыңа.

Қол жеткізген аңсаған арманына,

Жақсы шәкірт азамат атанады.

Бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз осымен аяқталды сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі А.Медетоваға береміз.

